

**ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ ЛИЦЕЙ-
МЕКТЕБІНІҢ ЖАППАЙ ОҚЫТУ ҚОРЫ БОЙЫНША АНЫҚТАМА
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

2025-2026 оқу жылында аз қамтылған және көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 64 қаулысының 2 және 3-тармақтарына сәйкес <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000064> білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бағытталған қаражат, оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына қаражаттың мақсатты пайдаланылуын міндетті құжатпен растай отырып (түбіртектер, төлем туралы чектер, фото), кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып бөлінеді.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың отбасыларынан шыққан балаларға киім, аяқ киім, мектеп-жазу керек-жарақтарын сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1032 қаулысымен белгіленген кепілдік берілген әлеуметтік пакет шеңберінде ұсынылады <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900001032>, оған мектеп формасы (шалбар, көйлек, пиджак, көкірекше), аяқ киім немесе спорттық киім және спорттық аяқ киім, кеңсе тауарлары, рюкзак кіреді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар үшін, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға, білім беру ұйымдарының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына нормативтік актіде заттардың тізімі реттелмеген.

Тамыз және қыркүйек айларында жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмек пен тегін тамақтануға ата-аналар өздерінің әлеуметтік мәртебесін растайтын тиісті құжаттарды ұсынуы қажет. Бұл көмек аз қамтылған, көпбалалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай-ақ ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға көрсетілді.

Жалпыға міндетті оқу қоры атынан ақшалай көмек көрсетілді. Бір балаға 53663 (елу үш мың алты жүз алпыс үш теңге). Ата-аналар берілген қаражатқа мектепке қажет киімдерді алып мектепке есеп береді.

Жалпы лицей-мектебі бойынша 75 оқушыға 4 024 725 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Түбіртек мен суреттерді әлеуметтік педагогке тапсырылды. Осы барлық балалар асханада тегін тамақпен қамтылған.

Әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында жаппай оқыту қоры есебінен қолдау көрсетіледі.

Осы 75 оқушы жаппай оқыту қоры есебінен мектеп формасы, оқу құралдары, тегін ыстық тамақ және басқа да қажетті көмек түрлерімен қамтамасыз етіледі.